| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | ЖШС «Жас Дарын» бастауыш мектебі |
| **Пәні:** | **Жаратылыстану** |
| **Бөлім:** | Жер ғаламшарының көрінісі |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Нұрхан Г.С. |
| **Күні:** | 20.02.2025ж |
| **Сынып:** | 1 «А» сынып. |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№20 сабақ. Жер ғаламшарының көрінісі** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.4.1.1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау,жердің кішірейтілген үлгісімен танысу |
| **Сабақтың мақсаты** | Жер пішінінің неге ұқсайтынын біледі, жердің кішірейтілген үлгісімен танысады |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br><br> | Өлең жолдарын хормен оқиды | Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру | |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | Өткенді пысықтау<br>**«Серпілген сауал»** әдісі<br>1. Ғарыш деген не?<br>2. Ғарышты қалай зерттейді?<br>3. Ғарышты зерттейтін адамдарды кім дейді?<br>4. Жер Күнді айнала ма, Күн Жерді айнала ма? | Оқушылар допты қағып алу арқылы, Сұрақтарға жауап береді | Дескриптор:<br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру | Доп<br> |
| ***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | Жаңа тақырып<br>ФС тапсырмасы<br>«Жер ғаламшары» бейнебаянын көріп алады.<br>1-тапсырма<br>Оқушыларға ғарыштан түсірілген Жер ғаламшарының фотосуреттерін көрсетеді. Оларды талқылатады.<br>Сұрақтар қояды:<br>Жердің пішіні қандай деп ойлайсың?<br>–Жер – біз тұратын ғаламшар. Ол өте үлкен.<br>–Жердің пішіні қай денеге ұқсайды?<br>–Жердің пішіні шар тәрізді. Глобус – Жердің кішірейтілген үлгісі.<br>«Глобус» сөзі латын тілінде «шар» деген | Жердің пішіні туралы түсінігін айтады.<br>Глобуспен танысып, өз ойын айтады<br>Глобусқа сүйеніп, Жер туралы әңгімелейді. | Дескриптор:<br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру<br>Жарайсың!<br>Керемет!<br>Тамаша! | Бейнебаян «Жер ғаламшары»<br>https://www.youtube.com/watch?v=o74jJbbwDcE<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұғымды білдіреді. | | | |
| | **Білгенің жөн**<br>Мына Глобус – Айдың үлгісі. Ол<br>– Жер ғаламшарының табиғи серігі. Ай Жерді айналады. Айдың пішіні де шар тәрізді. | Мәтінді оқиды | Жарайсың! |  |
| | ТЖ<br>Глобустың суретін сал. Жердің пішіні туралы айт. | Топпен жұмыс жасайды | Тамаша сурет!<br>Жарайсың!<br>Керемет! | Түрлі-түсті қалам |
| | ЕБҚ<br>Глобустағы түстер туралы айт.<br>Олар нені білдіреді? | Жеке жұмыс жасайды | Керемет! |  |
| | 2-тапсырма<br>Дәптермен жұмыс<br>Глобусты боя. Құрлықтарды қоңыр, жасыл,сары түстермен, теңіз бен мұхиттарды көк түспен боя.<br>Жердің пішіні қай денеге ұқсайды?<br>Жасыл қарындашпен қорша. | Дәптермен жұмыс жасайды | Дескриптор:<br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру<br>Жарайсың!<br>Керемет!<br>Тамаша! | Жұмыс дәптері, қалам |
| | Сергіту сәті<br><br>«Шөре-шөре лағым» | Жаттауларын іс-қимыл көмегімен көрсетіп айтады | Тамаша! | |
| Сергіту сәті<br>2 минут | 3-тапсырма<br>Қарсы мағыналы сөздерді сызық арқылы қосу | Тақтамен жұмыс | Дескриптор:<br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру<br>Жарайсың!<br>Керемет!<br>Тамаша! | Жұмыс дәптері, тақта |
| ***Сабақты қорыту*** **6**минут | 4-тапсырма<br>Зерттейік<br>–Жердің пішіні қай денеге ұқсайды?<br>–Шардың пішіні қандай?<br>–Ол неге ұқсайды?<br>–Шардың бұрыштары бар ма?<br>–Жер мен глобустың айырмашылығы мен ұқсастығы бар ма? | Зерттеу жүргізеді | Дескриптор:<br>Зерттеу жүргізеді<br>Сұрақтарға жауап береді |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қосымша тапсырма 2минут | ҚЖ:<br>«Тәжірибе алаңы» әдісі<br>Өз қолымыздан Жердің пішінін жасап көрейік<br>Доптың сыртына жер түстерін жапсырады | Глобус жасайды | Дескриптор:<br>Жердің пішінін жасайды<br>Бірігіп жұмыс жасай алады | Музыка |
| Кері байланыс 5 минут | <br>Жалпы бағалау | Мұғалім әр оқушыға жеке бағалау жүргізеді | «Аспан әлемі» әдісі |  |